



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұловтың
70 жылдығына және ғылыми-педагогикалық
қызметінің 50 жылдығына арналған
**«ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ЕУРАЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР»** атты
халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
9 ақпан 2018 жыл



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции,
посвященной 70-летнему юбилею и 50-летию научно-педагогической
деятельности доктора исторических наук, профессора К.Т. Жумагулова,
**«ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ И МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ОТНОШЕНИЯ В ЕВРАЗИИ В СВЕТЕ СОВРЕМЕННОЙ
ИНТЕГРАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ»**
9 февраля 2018 года



MATERIALS

of International scientific-theoretical conference devoted to the 70th anniversary
and the 50th anniversary of the scientific and pedagogical activity of the
Doctor of Historical Sciences, Professor K.T. Zhumagulov
**«WORLD HISTORY AND INTERNATIONAL
RELATIONS IN EURASIA IN LIEU OF MODERN
INTEGRATION AND MODERNIZATION»**
February 9, 2018

табиғи ресурстары және әлеуметтік жағдайы әсер етеді. Сондықтан да интеграциялық үрдіс мемлекеттерде әр түрлі деңгейде дамуда. Тарих көрсетіп отырғандай қала-мемлекеттерден де кеңірек саяси ұйымдарды құру қажеттілігі, антикалық әлемнің шаруашылық дамуындағы қажеттіліктердің арқасында дүниеге келді, яғни тауар өнімінің дамуы, аймақтар арасындағы экономикалық байланыс. Осы өзгерістер, дамулардың нәтижесінде Шығыс Жерорта теңізінде эллинистік мемлекет Римнің Италияны жаулап алуы, Сирануз державасының дүниеге келуіне жол ашты. Жалпы интеграция және дезинтеграция экономикада, ғылымда, мәдениетте ауқымды прогрестерге алып келген. Егер де тарихқа үңілсек, біз көптеген мемлекеттердің, империялардың, державалардың құрылғанын, ал енді кейбіреулерінің күйрегенін көруімізге болады.

Интеграциялық үрдістің жүйелі түрде дамуына қол жеткізіп, осы интеграциялық ықпалдастықтың арқасында мемлекеттердің түрлі салаларда дамуға қолжеткізген елдерің алдыңғы қатрына Батыс Еуропа елдерін жатқызуға болады. Қазіргі таңда Бастыс еуропа елдерінің қол жеткізген Еуропалық Одақ тарихы өз бастауын 1951 жылдан алады. Франция, ФРГ, Италия, Белгия, Нидерланды, Люксембург елдері 1951 жылы Еуропалық көмір және болат бірлестігін құру туралы шартқа қол қойды. Бұл Батыс Еуропа елдерінің ең алғашқы интеграциялық қадамы болды. Іс жүзінде Еуропалық одақтың пайда болып, дамуы 1957 жылы жоғарды аталған алты ел Еуропалық Экономикалық Одақтастық және Атом энергиясы бойынша Еуропалық Одақ құру туралы шартқа қол қойды. Еуропалық Одақтың экономикалық өсуіне осы одақ құрамындағы елдердің даму деңгейінің жоғары болуына байланысты еді. Батыс Еуропа елдері интеграциясының 1950 жылдардың соңында басталып, қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан даму процесі бірқалыпты және ешбір қайшылықсыз жүріп жатыр десек, ол шындыққа сай келмес еді. Дегенмен Еуропалық Одақты құру кезінде алға қойған мақсатар мен міндеттер айтарлықтай жүйелі және табысты түрде жүзеге асып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеграциялық процессіз бірде-бір мемлекеттің дамуы, өркендеу мүмкін емес. Тіпті әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекет саналатын АҚШ, халықаралық саудасыз өмір сүре алмайды. Оның қатарына Үндістанды, Қытайды жатқызуға болады. Ал Қазақстан Республикасы интеграциясыз, қандайда бір бірлікке кірмей дамуы тіпті мүмкін емес» – дейді [8, 77].

1 Энциклопедический словарь. Под ред. Г.В.Осипова. Москва: ИСПИ РАН, 1995г. с.440.

2 Барановский В.Г. Политическая интеграция в Западной Европе. Москва: Наука, 1983г. с.200.

3 Миклашевская НА, Холопов АВ. Международная экономика: Учебник. – М., -1998. – 272 с.

4 Шишков Ю.В., Евстигнеев В.Р. Реинтеграция постсоветского пространства и опыт Западной Европы.-М.,1994. С. 35. (8)

5 Якобайт К. Теория региональной интеграции.-Берлин.: Германский фонд международного развития, 1995.-С.12.

6 Международные экономические отношения: Учебник/ Под ред. Ливенцева Н.Н. – М., – 2001. – 512 с.

7 Токаев КК «Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации», Алматы, 2000, – с 116-117

8 Ергалиев И, Тихонова Т. Идея евразийства и будущее Казахстана. Евразийское сообщества. 91 б.

ТОҚСАНБАЕВ А.К.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант

КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БИЛІКТІ МҰРАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Көшпенділер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мәселесі көшпелілердің қоғамдық-саяси және әлеуметтік ұйымдасуының проблемаларын зерттеуде маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Көшпелі халықтардың басқару жүйесі мен билік мәселесіне қатысты тұжырымдарды ежелгі және орта ғасырлық ғұламалардың, яғни Орхон-Енисей жазбаларында, М.Х. Дулати еңбектерінде, Әл-Фараби, Ж. Баласағұн және т.б ойшылдардың көзқарастарын да көруге болады. Тарих ғылымында көшпелілер қоғамындағы билікті мұралану мәселесі жалпы көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік мәселесіне қатысты қойылды. Мақалада көшпелілердің басқару жүйесі, қоғамдық-саяси ұйымдасу формасы, әлеуметтік құрылымының күрделі мәселерімен қатар қойылған жоғарғы билікті мұралану проблемасының ерекшеліктерін талдауға арнап отырмыз.

Билік түсінігі саяси институттар, саяси өзгерістерді түсінудің кілті болып табылады. Билікті анықтау, оның мәні мен мазмұнын саясат және мемлекет табиғатын түсінуде маңызды, қоғамдық қатынастардың жетілу бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Билік ұғымына идеялық мән беретін көшпелілер қоғамы оның саяси, әлеуметтік, және дүниетанымдық тұжырымдамасын назарға алған. Көшпелі қоғамындағы жоғары биліктің саяси-әлеуметтік және дүниетанымдық категорияларының дамуы және оның өзгеруі мемлекеттік тарихын зерттеудегі басты бағыт ретінде қарауға болады. Көшпелі қоғамда мемлекеттік билікке деген және оны басқарушы тұлғаға деген көзқарас өзіндік

сипатымен ерекшеленеді. Бұл туралы А.И. Оразбаева «Еурази далалары көшпелілерінің билік туралы түсінігі ежелгі замандардан бастап ең алдымен дәстүршілдікпен және қасиеттілікпен, әділдік, заңдылықпен байланысты болғаны белгілі» деп атап өтеді [1, 242]. Міне, көріп отырғанымыздай, көшпелі қоғамда жалпы шығыс елдерінде басқарушы тұлғаның болмысы әрқашанда да, өзінің сакральді сипатымен ерекшеленді. Мысалы, ежелгі дәуірдегі ірі империялардың бірі ғұндардың жоғарғы билеушісі қытай деректерінде «шанью», кейінгі зерттеушілердің зерттеулерінде «тәніркүт» деген атамен беріліп келеді. Ғұндардың жоғарғы билеушісінің негізгі құқықтық мәртебесі монархиялық басқарумен астасып жатқанын көруге болады. Ғұн қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану дәстүрін баяндай келіп, Л.Н. Гумилев билікті мұралану әкден балаға емес, керісінше көлденең түрде ағадан ініге өтіп отырғандығын атап көрсетті. Дүл дәстүрдің өз заманында ғұндардың мемлекеттік жүйесінің тұрақтылығын сақтап қалуға септігін тигізгендігін де атап өткен еді [2,161]. VI ғасырдан бастап тарих сахнасына шыққан Түрік қағанатының мемлекеттік басқару құрылымы ғұн қоғамының жалғасы еді.

Л. Гумилев атап өткендей тақты мұраланудағы еншілік-таспиктық жүйені қолдану тиімділігі аймақты билеп отырған билеушілерге сепаратистік идеялардан гөрі мемлекеттік құрылыс пен орталық билікті қолдан қорғау мүддесі басымырақ болғандығымен ерекшеленді. Сондықтан, жоғарғы билікті мұраланудың бұл дәстүрі туралы «Күлтегін» ескерткіштерінде: «Одан соң інісі қаған болады. Сосын ұлы қаған болады...» деген жолдар сақталған Осы мәліметтерді талдай отырып, зерттеуші Т.С. Жұмағанбетов түркілердегі биліктің әкеден балаға өтуінің үш жағдайын, ал ағадан ініге берілудің 8 рет орын алғанын көрсетеді.

Билікті мұраланудағы түркілік-қыпшақтық дәстүр XIII ғасырдың басында монғол жаулап алушылығы нәтижесінде өзгеріске ұшарғаны белгілі. Ендігі жерде көшпелілердің басқару жүйесінде монғолдық билік жүйесі енгізіліп, жоғарғы билікті басқаруда, оны мұралануда монғолдық дәстүр орнығады. Билікті мұраланудағы бұл дәстүр Алтын Ордада жалғасын тауып, ішінде белгілі себептерге байланысты ғана аздаған ауытқуларға ұшырады. [3]

XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында болған көптеген саяси оқиғалар мен мемлекеттік құрылымдардың ішкі және сыртқы саяси өмірлеріне әсер еткен факторлардың біріне – хандық билікті мұралану мәселесі жатады. Бұл мәселе біз қарастырып отырған кезең ішіндегі этносаяси мәселелерімен қатар жүргендіктен, оны олардан ажырату өте қиын. Сондықтан да билікті мұраланудағы мәселелер көп жағдайда саяси мәселелердің көлеңкесінде қалып отырды, оларға арнайы түрде назар аударылмады. Билікті мұралаудың монғолға дейінгі және монғол үстемдігі кезіндегі дәстүрлердің айырмашылықтары, олардың өзара күресі XIII-XV ғғ. саяси тарихтын даму себептерін түсінеге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұралану мәселесіндегі екі дәстүрдің даму барысы, олардың көріністері XIII-XV ғасырлардағы этникалық процестерден де байқалады. Тіпті этникалық дамудың барысы мен бағытын, ішкі ағымдарын айқындауға әрбір тарихи кезеңдердегі екі дәстүр арасындағы күрестердің нәтижелері жәрдемдеседі. Сол себепті де хандық билікті мұраланудағы монғолға дейінгі – қыпшақтық немесе жергілікті дәстүр мен монғолдық дәстүрлер арасындағы күрес мәселесі XIII-XV ғасырлардағы этносаяси тарихтын маңызды бір тармағы болып саналады.[4] Билікті мұраланудағы қыпшақтық дәстүр дегеніміз-биліктің әкеден бауырға, немере бауырға өтуі болса, монғолдық дәстүр бойынша биліктің әкеден тікелей ұлға, одан немереге берілуі болып саналады. XIII ғасыр басында монғол жаулап алушылығының нәтижесінде Дешті Қыпшақтың басқару құрылымына монғолдық жүйе енгізіліп, жоғарғы билікті басқару, оны мұралануда монғолдық дәстүр орнықты. Ал XV ғ. ортасында билікті мұралануда жергілікті қыпшақтық дәстүр қайта үстемдікке жетіп, монғолдық дәстүрді ығыстырады. Үлкен мәні бар бұл ауысуды этносаяси дамудағы жаңа кезең деп қарауға болады, яғни Керей мен Жәнібек сұлтандардың жеке мемлекет құрып, онда билікке келуі-монғолға дейінгі дәстүрдің қайта жаңғыруы болды. Бұрынғы дәстүрдің қайта жаңғыруы, оның күрес арқылы жеңіске жетуі XIII-XV ғғ. этносаяси дамудың қорытындысы болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, монғолдық дәстүрді Дешті Қыпшақ толық жойған күш, ол- бұрынғы, қыпшақтық дәстүр болды. Ол қайта жаңғырып, әлеуметтік құрылымның барлық топтары арасында таралады. Бұл дәстүр жергілікті халықтың басқа да әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері секілді билеуші топтың санасына сіңеді. Ал оның билікті мұралануда қолданылуы Керей мен Жәнібек сұлтандар тұсында жүзеге асады.[5] Қазақ жеріндегі ежелгі және ортағасырлардағы мемлекеттермен тікелей сабақтасып жатқан Қазақ хандығындағы мемлекеттік басқарудың формасымен оны мұралану жолдарына туралы Ж.О. Артықбаев былай дейді: «Сырттай қарағанда қазақ қоғамында монархиялық биліктің нұсқасы бар сияқты көрінеді. Себебі, қоғамның ішінде, ақ сүйек атанған және қара халыққа қарағанда ілкі артықшылықтарға ие әлеуметтік топ бар. Қазақ айтады, «хан баласы көпір болса, аяғыңмен басып өтпе» деп. Ерте заманда алдынан төре шықса қара халық «алдиярлап» алыстан сәлем етеді, төренің алты жасар баласына алпыстағы қариясы тұрып төрден орын береді, құн төлесе қара халықтан жеті есе асырып жібереді. Бірақ осының бәрі мемлекет тарапынан қараңғыланып, белгілі бір қызмет орындарының талап етуімен жасалмайды. Халықтың әдет-ғұрпы, дәстүрі, өз қалауы бойынша ерте замандардан дағды есебінде жүреді» [6]. Көріп

отырғанымыздай қазақ хандығы да сипаты жағынан монархиялық аристократиялық билік элементтерінен тұратын далалық мемлекеттіліктің дәстүрлерін бойына жинақтаған. Қазақ хандығында да қатаң сақталған және өзіндік орны айқын иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым қызмет атқарды. Ежелден келе жатқан жалпыхалықтық құрылтай жиындарының орны ерекшеленді. Себебі, көшпенділер қоғамында «хандық лауазымға төре тұқымдары (Шыңғыс хан) мұрагерлік ретпен ұсынылып, сайланып қойылған. Егер хан өлсе орнына үлкен баласы отырды, ер жеткен баласы болмаған жағдайда ағайын-інілері, яки олардың балалары отырды. Бірақ, хан мұрагерлерінің таққа отыруы сұлтандар мен ру-тайпа басшылары өкілдерінің жиналысындағы (құрылтай) «хан көтеру» деп аталатын сайлаудан өтуге тиісті болды

Мұрагерлік мейлінше демократиялы тәсілмен шешілген. Ағайынды немесе аталас сұлтандар арасынан беделді ата немесе әке баласы, оның ішінде де ел арасындағы беделділері хан көтерілген әрі бұл мәселе Хан Кеңесінде шешілген. Ежелгі дәстүрге сәйкес хандық ағадан ініге көшіп отырған. Мирасқорлық дәстүрінің негізіне меритократия ұстаныма алынған. Жалпақ тілмен айтқанда, хан болып сирек кездесетін ақыл-парасаты және қоғамға нақты саяси ықпалы бар адам сайланған. Қазақ қоғамындағы хандар харизмалық билік өкілдері болған. «Харизма» сөзін грек тілінен аударғанда «тәңір сыйы» деген ұғымды білдіреді. Қазақ халқы түсінігіндегі баламасында «ел үшін тәңір сыйлаған құт» немесе ерекше қасиеттер дарыған «киелі, киелі тұлға» деген ұғымды білдірген. Осы аталған сөздер халық санасында қандай ұғымды білдіріп, қай мағынада қолданылған? Бұл туралы көрнекті ағартушы Ш. Уәлиханов былай деп жазады: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. Отты, кейбір жануарлар мен құстарды көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғанды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру адам баласына байлық пен бақыт – құт әкеледі деп түсінеді.[7] Демек, зерттеуші этнограф «құт» халық өміріне бақыт пен байлық әкеледі деп түсіндіреді. Демек, қазақ хандары тұрмысымен емес, тұлғасымен мұрагерлікке жеткен, үміткерлер арасынан озып шыққаны хан болған. Яғни қазақ қоғамында субъективті фактор – ханның жеке басына тән қасиеттері үшін үлкен роль атқарған. Қазақ қоғамын мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы шет елдіктер бірден байқаған. Хан сайлауы сұлтандар мен ру тайпа өкілдерінің қатысуымен өтетін «хан көтеру» құрылтайында жүзеге асты. Өкілдер жиналысы хан болатын адамның кандидатурасын мәмілелесіп келіскеннен кейін, сол адамды хан деп танып, төрт қабат ақ киізге отырғызып, үш рет бастан асыра көтереді екен. Мұны – хан көтеру деп атаған. «Хан көтеру» рәсімі – өкілдер жиналысының алған қаулысы іспеттес түсінікті білдірген. «Хан көтеру» рәсімі-өкілдер жиналысының қаулысы іспеттес түсінікті білдірген. «Хан көтеру» рәсімінен кейін, сайланған хан жиналғандар алдында ант берген. Осыдан кейін ол адам хан деп елдің ішкі-сыртқы жағдайын басқарумен бірге әскери қолбасшы да болған. Ол жылына кем дегенде бір рет өзін сайлаған өкілдер жиналысын шақырып, күрделі мәселелерді ойласып отырған. [8]

Қортындылай келе, Орталық Азияның көшпелілерінің орта ғасырлық қоғамындағы билікті мұралануды, жалпы билік мәселесін зерттеу, оның саяси құрылымы, әлеуметтік –экономикалық ахуалын терең талдау арқылы жүзеге асады. Қоғамының дамуы оның әлеуметтік-экономикалық қатынастарынан емес, қоғамның саяси құрылымы, билік тетіктерінің ұйымдастырылуы және мәдени қажеттіліктердің құрылымы тұрғысынан ерекшелінеді. Бұл тақырыпты жеке тарихи тұрғыдан емес, заң, саясаттану, әлеуметтану ғылымдарының талдауларын қарастыра отырып зерттеуді қажеттілігі айқын. Сонымен бірге, Орталық Азияның көшпелілерінің орта ғасырлық қоғамдағы билік жүйесінің бастаулары мен даму тарихын тарихнамалық талдау мен тарихи методологиялық тұжырымдамаларын анықтау маңызды.

Орталық Азияда орта ғасырда мекен еткен көшпенділердің тарихнамалық еңбектері ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап жазыла бастады. Осы кезеңдерде археологиялық және этнографиялық жазба деректерінің негізінен отандық тарихта алғашқы көз қарастар қалыптасты. Түркітілдес көшпенділердің дүниетанымын зерттеудің алғашқы сатысы тарихи-этнографиялық және салыстырмалы-тарихи түрде болды. Тарихта көшпенділер тарихын зерттеу қызықты болмады, десекте ХХ ғасырдың бірінші жартысында отандық тарихта тарихи факторлар қалыптаса бастағанда қызығушылық тудыра бастайды. Осындай әдістемелік парадигма көшпенділердің әлеуметтік жағын зерттеу аясында көрінді. Десекте, орталық Азия көшпелілері құраған мемлекетінің және оны басқарған билеушілерінің негізгі жүйесін ашып көрсету әлі де толық, нақты зерттелген жоқ. Жазылған еңбектердің көп екенін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ сол еңбектерді талдап шынайыдұрыс пікір қалыптасытыру алда тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. Алматы: Дайк-Пресс, 2005
2. Гумилев Л.Н. Хұндар. Алматы: 1998, 161

3. Әбусейітова М. Қазақ хандарының дипломатиясы: (XV-XVIII ғ.ғ. аралығындағы қазақ хандарының дипломатиясы туралы) //Егемен Қазақстан. – 1999. 27 наурыз.
4. Жумагамбетов Т.С Проблемы формирования и развития средневекового Казахстана. Алматы: 1989
5. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015
6. Артықбаев Ж., Ибрагимов Ж. 1916 жыл. Хандық биліктің жаңғыруы //Отан тарихы=Отечественная история. – 1999.
7. Апполова Н.Г. Хандық биліктің жағдайы және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» //Қазақтың ата заңдары=Древний мир права казахов:
8. Т.И. Султанов Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана Алматы: Дайк-Пресс, 2001

ПАЗИЛОВ Е.Д.,

*Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты*

КЕНТАУ ҚАЛАСЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ГРЕК ҰЛТЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ (1941-1956 ЖЖ.)

Кентау қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкенттен солтүстік – батысқа қарай 210 шақырым жердегі Қаратау жотасының етегінде, қойнауы пайдалы қазбаларға бай өнеркәсіптік аймақта орналасқан. Ол Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай кенішінің маңындағы шағын жұмысшы кентінің орнында, соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген өндірістік қала. Кентау қаласының кеңестік кезеңдегі негізгі тұрғындарын – сталиндік қуғын-сүргін жылдары жер аударылып келген халықтар: грек, шешен, неміс, орыс, еврей, татар т.б. ұлт өкілдері мен жергілікті қазақтар құрады. Кентау қаласының қалыптасуы мен өсіп-өркендеуі, оның жер қойнауындағы пайдалы қазбаларын өндірумен тығыз байланысты болды.

Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты 1941 жылдың 16- тамызында БКП (б) Орталық комитетінің ұйғарымымен Ащысай полиметалл комбинаты қорғаныстық мақсаттағы әскери өнім шығару жағдайына көшірілді. Майдан шебіне қажетті стратегиялық өнімдер – қорғасын мен басқа да түсті металдар жоспарын асыра орындау үшін, осыған дейін мемлекеттік резерв ретінде консервацияланып, пайдаланылмай жатқан Мырғалымсай кен орнын қайтадан іске қосу жөнінде шешім қабылданды. Ащысай полиметалл комбинатының құрамындағы Мырғалымсай кен орны соғыс жүріп жатқан қиын жағдайда іске қосылуы себепті білікті мамандарға ғана емес, қатардағы жұмысшылардың тапшылығын басынан кешірді. Халық жаппай әскер қатарына алынып, соғысқа аттанып жатты. Жұмысшы қолы жетіспеуі себепті түрлі құрылыс жұмыстары мен шахтаның ауыр жұмысына кеніш маңындағы елдімекендерден әйелдер мен жасөспірім балалардың еңбегі кеңінен пайдаланылды.

Соғыс жылдары өнеркәсіптік-стратегиялық жағынан маңызды рөл атқарған Оңтүстік Қазақстан облысы – майданға жақын аудандардан эвакуацияланған және күштеп көшірілген халықтарды орналастырылатын негізгі аймақтардың біріне айналды. 1942 жылдың көктеміндегі мәлімет бойынша облысқа Балтық жағалауы, Украина мен Белоруссиядан неміс, поляк, еврей т.б. ұлт өкілдерінен тұратын – 52880 адам, 1944 жылы Солтүстік Кавказдан және Қырымнан шешен, ингуш, қарашай, балқар т.б. этникалық топ өкілдерінен құралған 12338 отбасы (49490 адам) көшіріп әкелінді [1].

Бастапқыда қоныс аударушылардың көпшілігі, аграрлық шаруашылыққа маманданған ауылдық елдімекендерде орналастырылғанымен, жергілікті басшылықтың жұмыспен қамтамасыз етуге жете көңіл бөлмеуі салдарынан, олардың азық-түлікпен біршама жақсы қамтамасыз етілген өнеркәсіп орындары бар қалаларға кетіп қалуы жиіледі. Осынау қиын-қыстау кезеңді өз басынан өткерген поляк ұлтының өкілі Дзыра Юзэфа былай деп еске алады: «1941 жылдың күз айында өзге поляк отбасылармен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданына қоныс аударылдық. Таң атысынан кештің батысына дейін егістікте жұмыс істедік. Жұмыс ауыр болатын, қатты шаршататын. Жұмыстың ауырлығын көтере алмаған ата-анам ауруға ұшырағандықтан, жас балалардан құралған отбасымыз аштыққа ұрына бастады. Сондықтан ауыл председателінің ұсынысымен ересек балаларды қабылдайтын Ащысайдағы ФЗО-ға әпкем Янина екеуміз оқуға түстік. Онда қыз балалар паровоз машинисі, флотатор т.б. мамандықтары бойынша даярланса, ұлдар тобы слесарь, бұрғылаушы, тас жонушы сияқты мамандықтарды меңгерді. Қысқа мерзімді жұмысшы даярлау курсынан аяқтағаннан кейін әпкем екеуміз Мырғалымсай кенішінің кен байыту бөлімінде жұмыс істедік. Кеніш жұмысшыларының дені қазақтардан басқа орыс, татар, армян, шешен, әзірбайжан, корей, ингуш т.б. ұлт өкілдерінен құралған болатын» [2].

Жұмыс күші ретінде әскери тұтқындарды пайдалану мақсатында, 1945 жылы 27 қыркүйектегі КСРО НКВД басқармасының №001097 бұйрығына сәйкес жапон соғыс тұтқындарына арналған №348

РАШИДОВА Э.П., БЕКБАУОВА М.С, БҮРКІТ Ә.Қ.	
МҰҒАЛІМ – бақташы ма?!, бақсы ма?!	385
ҮСЕНОВА Г., БҮКІТ Ә.Қ., САУЫТОВ Е., АЛДЕШОВ С., ТУЛЕМЕТОВ Б.	
Ежелгі шөгеннің тарихы	390
МАЛИКОВ Б.У.	
«Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің әлеуметтік портреті (сырдария облысы материалдары бойынша)»	395
ТӨЛЕГЕНОВ Е.М.	
Интеграция үрдісінің теориялық негіздері	398
ТОҚСАНБАЕВ А.К.	
Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мәселесі туралы	401
ПАЗИЛОВ Е.Д.	
Кентау қаласына жер аударылған грек ұлты өкілдерінің күнделікті өмір тарихы (1941-1956 жж.)	404
АБДРАХИМ М.Е.	
История изучения Казахского чиновничества в семиреченской области во второй половине XIX – начале XX вв.	407
СЕЙЛБЕКОВА М.	
«Вклад управляющего родом аргын чигена мусина в развитии Русско-Казахских отношений в XIX веке»	410
ДУЙСЕНКУЛ А.Г.	
«Методики и технологии обработки архивных документов в электронно-цифровом формате на примере ведущих стран»	413
КӘДІРҒАЛИЕВА Г.Е.	
Ұйым қызметкерлерін басқаруда кадр құжаттамасының рөлі	417
ЕРТАЙ А.И.	
Проблемы и перспективы развития Евразийства	419
АБАКОВ М.	
Проблемы внедрения системы электронного документооборота в государственных учреждениях	423
ШОТАЕВ М.Т.	
Құжаттардың құндылығын сараптаудың өзекті мәселелері	427
КОИЗНИГІТОВА Z.B.	
Problems of studying the Central Asian uprising of 1916 in modern foreign historiography	431
АЙТМУКАЕВА А.К.	
Ведомстволық архивтер	433
ӘЛІМБЕКОВА Ә.Ә.	
XXI ғ. әлемдік қауымдастықтағы Қазақстан	437
НӘМЕТҚУЛ Д.	
Банк құжаттарының қалыптасуы	439
ТҮЛКІБАЙ Д.Д.	
XX ғасырдың 20-30 жж. эпистолярлық публицистикадағы Қазақ зиялыларының хаттары	442
АНУАРОВ Н.Т.	
Казахские офицеры на службе российской империи	443